

2002 жылғы IV тоқсаны мен 2003 жылға қоршаған ортаны ластаудың төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы

Атырау облыстық Мәслихаты XIX сессиясының шешімі. 2002 жылғы 29 тамыздағы N 233-II. Атырау облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 23 қыркүйекте N 1132 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 15 шілде 1997 жылғы 29 бабы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 23 қаңтар 2001 ж. N№148 Заңына сәйкес, және Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 462-ші бабын басшылыққа алып, облыстық мәслихаттың XIX сессиясы шешім етті:

1. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем мөлшерлемесі облыстық Мәслихаттың кезекті сессиясында бекітуге енгізілсін:

1) тұрақты көздерден ластағыш заттардың атмосфералық ауаға шығарылғаны үшін (қ о с ы м ш а N № 1) ;

2) жылжымалы көздерден ластағыш заттарды атмосфералық ауаға шығарғаны үшін (қ о с ы м ш а N № 2) ;

3) ластағыш заттарды тастағаны үшін су объектілеріне, сүзгіден өткізу алаңдарына және жер бедеріне, жинақтағыштарға ластағыш заттарды төгу үшін (қосымша N№3);

4) өндіріс және тұтыну қалдықтарын улылық сыныптары бойынша орналастырғаны, сақтағаны (көмгені) үшін (қосымша N№4);

5) атмосфераны жылулықпен ластағаны үшін (қосымша N№5).

2. Қоршаған ортаны белгіленген лимиттен тыс ластағаны үшін төлем мөлшерлері он есе өсіріледі.

3. II сайланған Атырау облыстық Мәслихаты XV сессиясының 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 175-II шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң X I X

сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихаттың хатшысы

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м і н і ң ш е ш і м і

2002 жылғы 27 тамыз N 477

2002 жылғы IV тоқсаны мен 2003 жылға арналған қоршаған ортаны ластаудың төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160-1 "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 29 бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 462 бабына сәйкес шешім етемін:

1. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем мөлшерлемесі облыстық Мәслихаттың кезекті сессиясында бекітуге енгізілсін:
 тұрақты көздерден ластағыш заттардың атмосфералық ауаға шығарылғаны үшін (қосымша N № 1) ;
 жылжымалы көздерден ластағыш заттарды атмосфералық ауаға шығарғаны үшін (қосымша N № 2) ;
 су объектілеріне, сүзгіден өткізу алаңдарына және жер бедеріне, жинақтағыштарға ластағыш заттарды төгу үшін (қосымша N№3);
 өндіріс және тұтыну қалдықтарын улылық сыныптары бойынша орналастырғаны, сақтағаны (көмгені) үшін (қосымша N№4);
 атмосфераны жылулықпен ластағаны үшін аймақтық нормативтері (қосымша N№5)

2. Қоршаған ортаны белгіленген лимиттен тыс ластағаны үшін төлем (мөлшерлемелері) он есе өсіріледі.

3. Облыс әкімінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N№344 "Қоршаған ортаны ластағаны үшін 2002 жылға арналған төлем мөлшерлемесін облыстық Мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге енгізу туралы" шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.В.Супрунға жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің 2002 жылғы
 27 тамыз N 477 шешіміне
 N№1 қосымша

Тұрақты көздерден ластағыш заттардың атмосфералық ауаға шығарылғаны үшін төлем (мөлшерleme) нормативі

Аймақ		Теңге / шартты тонна
Атырау облысы	500	

Ескерту: Шартты тонна үшін мөлшерлемені 1/ о.т. ШМК (орташа тәуліктік шекті мөлшерлі концентрация) мг/м³ (1/ШМКот мг/м³) формуласы бойынша белгіленетін әрбір заттың қауіптілік коэффициентіне көбейте отырып, табиғатты пайдаланушылар - кәсіпорындар заттың әр түрі бойынша шығарудың шартты тоннасы үшін, сондай-ақ физикалық тоннасы үшін төлем есептерін бере алады. (Елді мекендердің атмосфералық ауасына ластағыш заттардың шамамен қауіпсіздік деңгейді әсер етуінің жинағы Мемлекеттік Норматив 2.1.6. 696-98, Қазақстан Республикасы 3.02.037.99).

Облыс әкімінің 2002 жылғы
27 тамыз N 477 шешіміне
NN№2 қосымша

Жылжымалы көздерден: (автокөліктерден, тепловоздардан, тракторлардан, өзен және теңіз кемелерінен, жол-құрылыс, ауыл шаруашылығы, басқа да іштен жанатын двигателдермен жабдықталған техникадан) атмосфералық ауаға шығарғаны үшін төлемдер (мөлшерлемелер) нормативтері:

N	Отын түрлері	Теңге/физикалық тонна
1.	Этилденбеген бензин	350
2.	Этилденген бензин	435
3.	Дизель отыны	550
4.	Сұйытылған мұнай газы	314
5.	Табиғи газ	212

Облыс әкімінің 2002 жылғы
27 тамыз N 477 шешіміне
NN№3 қосымша

Ластағыш заттарды төгу үшін төлем (мөлшерлеме) нормативтері

Аймақ	Атырау облысы:	Теңге/шартты тонна
су объектілеріне	сүзгіден өткізу жер бедеріне, жинақтаушы тоғандарға	16600
	15000	алаңдарына,

Ескертпе:

Табиғат пайдаланушы - кәсіпорындар төгінділердің шартты, сондай-ақ физикалық тоннасы үшін төлемдер есептерін ұсыну мүмкін.

Ағынды сулармен су объектілеріне түсетін ластағыш заттарды төккен үшін төлемдерді есептеген кезде балық шаруашылығы маңызындағы сулар үшін шектеулі рауалы концентрациясы (мг/л) алынады.

Ағынды сулармен су объектілеріне, сүзу алаңдарына, жер бедеріне және жинақтаушыларға түсетін ластағыш заттарды төккен үшін төлемдерді есептегенде мәдени тұрмыстық сулар үшін шектеулі рауалы концентрациясы мг/л) алынады.

Ағынды сулармен су объектілеріне, сүзу алаңдарына, жер бедеріне және жинақтаушыларға түсетін тірексіз заттарды төккен үшін төлемдерді есептеген кезде жеке әр кәсіпорын үшін бекітілген шектеулі рауалы төгінді нормативтері (грамм/сағат) бойынша шектеулі рауалы концентрация алынады.

Облыс әкімінің 2002 жылғы
27 тамыз N 477 шешіміне

NN№4 қосымша

Улылық сыныптарына қарай өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны, сақтағаны (көмгені) үшін төлем (мөлшерлемелер) нормативтері (физикалық тонна)

N	Қалдықтардың улылық сыныбы	Балл саны	Қауіптілік дәрежесі	Төлем нормативі (мөлшерлемесі) теңге/физикалық тонна
1.	1	32	Төтенше қауіпті	9600
2.	2	16	Жоғары дәрежеде қауіпті	4800
3.	3	4	Бірқалыпты дәрежеде қауіпті	1200
4.	4	2	Жеткіліксіз дәрежеде қауіпті	600
5.	5 1 Улылықсыз	300		

Облыс әкімінің 2002 жылғы
27 тамыз N 477 шешіміне

N 5 қосымша

Атмосфералық ауаны жылулықпен ластағаны үшін аймақтық төлем (мөлшерлемесі) нормативі (Гекокалория)

N	Аймақ	Өлшем бірлігі
Атырау облысы		Теңге/ Гекокалория
Алауларда	газ жағудан	атмосфераның
жылулықпен ластануы	450	